

Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді және оларға сараптама жасауды қаржыландыру ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 ақпандағы N 204 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңының 19-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді және оларға сараптама жасауды қаржыландыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 0

а қ п а н д а ғ ы

N

2 0 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді және оларға сараптама жасауды қаржыландыру ережесі

1. Осы Ереже "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңының 19-бабы негізінде әзірленді және 004 "Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптама жасау" республикалық бюджеттік бағдарламасының (бұдан әрі - бюджеттік бағдарлама) қаражаты есебінен республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді және оларға сараптама жасауды қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) орталық уәкілетті орган - экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган;
- 2) атқарушы агенттік - республикалық инвестициялық жобаларды дайындауға және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган, сондай-ақ жергілікті инвестициялық жобаларды дайындауға және іске асыруға жауапты жергілікті атқарушы орган;
- 3) техникалық-экономикалық негіздеме - әзірлеушілердің инвестициялық жобаның жүзеге асырылуын жан-жақты зерделеу нәтижелері бойынша және инвестициялық жобаны экономикалық талдау негізінде дайындалған есебі. Техникалық-экономикалық негіздеме инвестициялық жобаның неғұрлым оңтайлы құрылымы бойынша

ұсыныстарды, сондай-ақ инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде болжамдалатын неғұрлым орынды маркетингтік, техникалық, қаржылық, институционалдық, экологиялық, әлеуметтік және басқа шешімдер бойынша ұсыныстарды қамтиды. Республикалық және жергілікті инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерінің құрамы мен мазмұнына қойылатын талаптарды орталық уәкілетті орган бекітеді.

3. Бюджеттік бағдарламалар қаражаты есебінен республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді және оларға сараптама жасауды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуді және оларға сараптама жасауды қаржыландыру көзделетін республикалық инвестициялық жобалардың тізбесі (бұдан әрі - тізбе) негізінде жүзеге асырылады.

4. Орталық уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының қарауына бюджеттік бағдарламада көзделген ақшаны атқарушы агенттіктер бойынша бөлу жөнінде ұсыныстар енгізеді.

5. Республикалық бюджет комиссиясының шешімі негізінде орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне жобалар бойынша қаржыландыру көлемі көрсетілген тізбені енгізеді.

6. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес белгіленген тәртіппен Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізуге арналған өтінімді қалыптастырады. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен жоспарлы тағайындауларды көрсетілген бағдарламадан атқарушы агенттіктердің тиісті бюджеттік бағдарламаларына ауыстыру жолымен Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді.

7. Атқарушы агенттіктер техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуді және оларға сараптама жасауды қамтамасыз етуге қажетті іс-шараларды іске асыруды және тізбеге сәйкес тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалар шеңберінде көрсетілген іс-шаралардың іске асырылуын қаржыландыруды жүзеге асырады.

8. Атқарушы агенттіктер орталық уәкілетті органға:

1) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде және жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысан бойынша бюджеттік бағдарламаны іске асыру барысы туралы есепті;

2) қазынашылық органдарында тіркегеннен кейін үш күн ішінде жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптама жасау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың көшірмелерін ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК